

Құттықтау

Ардақты ақхалатты абзал жандар, мемлекеттік қызметшілер және полиция қызметкерлері, қадірлі сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз медицина қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер және Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әлемде қанша мамандық болса да әрбірінің адам үшін маңызы зор. Әйтсе де адам жанының арашасы болған ақхалатты абзал жандардың орны ерекше. Алдына барғанда мейірімін төге қарап, емдейтін, жылы сөзімен ақыл-кеңесін беретін дәрігер жақынына айналары сөзсіз.

Бар білімі мен тәжірибесін, ерік-жігерін халықтың саулығын қорғауға бағыттаған баршаңызға аудан жұрты мен өз атымын шынайы алғыс айтамын! Дені сау ұлт – қуатты мемлекет. Сіздердің жұмыстарыңыздың сипаты мен мазмұнын осы формуламен көрсетуге болады. Яғни ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың кепілі. Мұның астарында дәрігерлердің жанкешті ерлікке толы еңбегі жатыр.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметші мен полицияның өзіндік орны мен мәртебесі қалыптасқан. Қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі – ішкі істер органдары.

Быыл Қазақстан полициясының құрылғанына 30 жылдан аса уақыт өтті. Осы уақыттар ішінде ішкі істер органдары қызметкерлері де сан тарау жолдан өтіп, биік белестерді бағындырып, өздеріне жүктелген міндеттерді мұлтсіз атқарып келеді. Полиция қызметкерлері өздері де өсу, толысу, кемелдену жолынан өтті.

Қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсететін, олардың мәртебесі мен абыройын асқақтататын – мемлекеттік қызметшілер.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілер әрдайым парасат биігінде болуы қажет. Себебі халықтың билікке деген сенімі сіздерден бастау алады. Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің еңбегі Отанға, халқына адал қызмет етуімен бағаланады.

Ұланбайтақ қазақ жерін ата-бабаларымыз жаудан қорғап, кейінгі ұрпағына мұра етіп қалдырса, сол қазына байлықты ұстап тұру, елдегі тұрақтылық пен тыныштықты, ұлттар мен ұлыстардың тату тіршілігін қамтамасыз ету – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкерлердің ең басты міндеті және азаматтық борышы.

Сіздердің еңбектеріңіз қашанда құрметке лайық. Дәрігер де, мемлекеттік қызметші де, полиция да халық қызметшілері. Ел үшін еңбек еткен адамның ерқашан еңесі биік, мұраты асқақ болады.

Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын. Сіздердің еңбектеріңізге зор табыс, отбасыларыңызға амаңдық, береке-бірлік тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, көк Туымыз асқақтай берсін!

Асқарбек ЕСЖАНОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Құрмет

Елге қызмет – абыройлы міндет



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙТІН, АБЫРОЙЛЫ ЛАУАЗЫМ. ОСЫ АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТТЕ ЖҮРГЕН ЛАУАЗЫМ ИЕЛЕРІНЕ АРТЫЛАР ЖҮК АУЫР. АЛ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ – ҚАШАННАН ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БЕРІК ҚОРҒАНЫ, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ БЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫМЫЗДЫҢ СЕНІМДІ ТІРЕГІ. ӘР АЙМАҚТАҒЫ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМДЕРІ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДА, ҚОҒАМДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЗАЙЫП, ЕЛ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ БОЛДЫРМАУДА ТАБАНДЫЛЫҚ ТАНЫТЫП, НӘТИЖЕГЕ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА КҮШ САЛЫП КЕЛЕДІ.

Осындай табандылықпен жұмыс жасап жүрген қос сала мамандарына құрмет көрсету артық етпейді. Ал қашаннан ұлы мамандық саналатын медицина мамандарына қалай құрмет көрсетсек те жарасады. Адам жанына алғаш болып араша түсетін ақхалатты абзал жандарға да елдің айтар алғысы шексіз.

Апта бұрын денсаулық сақтау саласы мамандарының төл мерекесі болса, енді міне, мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өттік. Быыл да мереке қарсаңында аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Үш саланың кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған шарада аудан

әкімі Асқарбек Темірбекұлы ел үшін ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Мемлекеттік қызметші мен қоғамдағы тәртіп сақшысының міндеттері сабақтас. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметкер мен полиция – мемлекеттік аппараттың жұмысын алға жылжытушы кадр және мемлекеттік биліктің оң имиджін қалыптастырушы бірден-бір тұлға. Полиция қызметкері болу әр азаматты өжет, қайсар етіп тәрбиелесе, мемлекеттік қызметші болу адал жолда жүруді талап етеді. Ал ақхалатты абзал жандардың қауырт жұмысы, бұл – ерекше алғыс айтар жауапты қызмет. Бүгінде медицина саласының мамандары адам

жанының арашасы болса, мемлекеттік қызметте жүрген әр азамат елдің дамуына қызмет етсе, ішкі істер органдары қызметкерлері де биік белестерді бағындырып, өздеріне жүктелген міндеттерді мұлтсіз атқарып келеді. Сондықтан сіздерді кәсіби мерекелеріңіз медицина қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер және Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын, – деді өңір басшысы.

Мұнан соң аудан әкімі ішкі істер саласының ардагері, сала майталманы, ауданның әлеуметтік-экономикалық және құқықтық дамуына ерекше үлес қосқан Базарбай Ержановқа, облыстық мәслихат депутаты, облыстық мәслихаттың эконо-

мика, әлеуметтік және құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Балжан Шөменованы Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы» атағымен марапаттады.

Мұнан соң сахна төріне өз саласында елеулі еңбек етіп, оң нәтиже көрсетіп жүрген мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлері және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері шақырылып, облыс, аудан әкімінің «Құрмет» грамотасы, Құттықтау хаты мен алғыс хаты табысталса, «Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Ішкі істер министрлігінің Құрметті ардагері» төсбелгісімен ішкі істер саласының ардагері Нұғыман Аманов, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының І дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен сала ардагері Бақытбек Есжанов марапатталды.

Мәдениет үйіндегі салтанатты шара аудан өнерпаздарының мерекелік-концерттік бағдарламасына ұласты.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Сапар



Таң атысымен шалғайдағы Жаңадария ауылына жолға шықтық. Биыл аудан әкімі Асқарбек Есжанов жергілікті тұрғындармен екінші рет кездеседі. Негізінен ауылдық елді мекендердің тынысымен танысу үшін бірнеше рет барған. Алайда есепті кездесудің мәні бөлек, себебі мұнда аудан бойынша атқарылған жұмыстар, алдағы міндеттер сараланады, ауылда нендей мәселелер бар, осы сауалдың түйінін тарқату үшін жергілікті халықтың үніне құлақ түреді.

Елдің мәселесі ескерусіз қалмайды

– Наурыз айының аяғында өздеріңізге келіп, ауданда атқарылатын жұмыстарды баяндаған болатынымыз. Қазір ауданда жалпы құны 4,2 млрд теңгені құрайтын 30 жобаның құрылысы басталды. Барлық жұмыстар өз деңгейінде жүріп жатыр. Оның қорытындысын жылдың соңында келіп, тағы да баяндаймыз. Бір сөзбен айтқанда, алға қойған мақсат-міндеттеріміз орындалып келеді. Сіздерге келсек, ауылда ойын алаңы салынып жатыр. Осыған дейінгі кездесуде сіздер «алажаздай баптаған бақша өнімдерін сатуға үлкен жолдың бойынан орын берілсе» деген ұсыныс тастадыңыздар. Сол жерге біз сіздерге арнайы шағын базар салып береміз. Жаңадария жұрты сонда барып, емин-еркін саудасын жасайды. Жалпы, Жаңадария халқына үлкен рахмет, 200 гектарға жуық жер ашып, бақша өнімдерін баптап, керемет жұмыстар жүргізіп жатыр. Ауылда тек ауданға ғана емес, облысқа үлгі ететіндей жұмыстар бар. Біз қолымыздан келгенше барлық мүмкіндікті жасаймыз. Мен қысқаша баяндадым, ендігі жерде сіздерді тыңдаймын, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Бүгінде шалғай ауылдың шаруасы шираған, оның үстіне бағамдасқа, осыған дейінгі аудан әкімінің сапарында ел көтерген мәселелер түгелдей шешімін тауыпты. Кіреберіс жол асфальтталған, ел қажет деген балалар ойын алаңының құрылысы қарқынды жүрде, ішкі көшелердің сапасына қатысты

бірнеше жоба әзір, елдің бақша салуына қолбайлау болып келген аяқ су мәселесі түбегейлі шешілген, мектеп ғимаратының жай жөндеу жұмыстарына 10 млн теңгеден астам қаражат қаралыпты, бәрі-бәрі осыған дейінгі есепті кездесуде Асқарбек Есжановтың назарына халық салған мәселелер еді. Барлығын тізбектеген ауыл халқы көтерілген мәселелердің шешімін тапқанына дән риза екенін жасырмады.

– Жаңадария – киелі жер, Шалғайда жатса да, келешегі кемел, ауылда атқарылған жұмыстар жақсы, Президенттің әкімдердің халықпен кездесу жайында Жарлығының жемісін көріп отырған бір ауыл болса, ол – Жаңадария. Тоқсан сайын келіп, ауылдағы мәселелерді тізіп аласыз, қуантарлығы, барлығы кезек-кезеңімен шешімін тауып жатыр, аяқ су мәселесі шешілді, ауыз суға қатысты мәселе жоқ. Электр жарығымыз жаңарды, жол сапасы жақсарды. Бізде бір ғана мәселе бар, ол – ішкі көшелер сапасының сын көтермейтіні. Ғасырға жуық тарихы бар ауылда бірінші рет сіз әкім болып келгені ішкі көшеге асфальт төселді. Енді басқа да көшелердің сапасына мән беріле деген ұсынысымыз бар. Жалпы, атқарылған жұмыстардың барлығына көңіліміз толады. Жасап жатқан жұмыстарыңызға береке берсін, біз жергілікті биліктің ауылға жасап жатқан қолдауына ризамыз, – деді ауыл тұрғыны, ардагер ұстаз Сапабек Тұрмаханов.

Кездесуде мұнан бөлек ауылда кенеге қарсы шаралардың тоқтап тұрғаны, учаскелік полиция инспекторының тұрақтамауына қатысты мәселелер көтерілді. Асқарбек Есжанов барлық мәселе назарға алынғанын жеткізіп, жауапты азаматтарға тиісті тапсырмалар берілетінін және оның орындалуы сараланатынын айтты.

Шалғай ауылдың шаруасы ширақ

600-ге жуық халқы бар ауылда былтыр да біршама жоба жүзеге асқан. 2022 жылы орталықтағы Абай көшесі күрделі жөндеуден өтті. Жоба құны 38 млн 917 863 теңгені құрайды. Мұнан бөлек 1,5 млн теңгеден астам қаражатқа кіреберіске арқа орнатылған. Быыл Жаңадарияда балалар ойын алаңы пайдалануға беріледі. Оған қазынадан 7,56 млн теңге қаралған. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 70 пайызы тәмам. Сондай-ақ «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 2,2 млн теңгеге концерттік бағдарламалар өтетін сахна орнатылады. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүруде.

Жалпы, аудан әкімі барлық ауылдың тыныс-тіршілігімен, елді мекендердегі тұралаған мәселелермен етене таныс екен, мәселе, бүгін ауыл ақсақалдары ішкі көшелер

сапасына қатысты бірнеше мәселені Асқарбек Темірбекұлының назарына салған еді. Аудан басшысы келер жылы Жаңадарияда 4 көшені күрделі жөндеуден өтетінін айтып, шалғайдағы ағайынды бір қуантты.

Елді мекен жұрты бүгінде кәсіппен айналысудың пайдасын жете түсінген. Бүгінге дейін ауылда 48 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, қазіргі таңда олардың 46-сы нақты жұмыс жасап тұр. Жергілікті халықтың мемлекеттік қолдаумен кәсіп бастауға ынтасы жоғары. Соңғы 2 жылда Жаңадарияда 11 азамат қайтарымысз грант жеңіп алып, бүгінде жобасының жемісін көріп отыр. Бұл ауылда кәсіпкерлік саласының дамуынан бөлек, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне оң әсерін тигізіп отырғаны анық. Былтыр 4 азамат пайыздық үстемақысы төмен несиелік алып, мал шаруашылығы бағытында өз кәсібін бастаған, оларға жалпы құны 23 млн теңгеден астам қаражат үлестірілген. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 1 азамат 2,5 пайызбен несиеленсе, тағы бір тұрғын құжаттарын тапсырған.

Шалғайдағы ауыл жыл сайын бақша дақылдарын өгіп, аймақ жұртын сапалы өніммен қамтамасыз етуде. Быыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауыпты. Ауылда негізінен 48 шаруашылық егін және мал шаруашылығында табысты еңбек етіп отыр. Биыл Жаңадария жұрты 80 гектарға көкөніс, 45 гектарға картоп, 20 гектарға жаңа

жоңышқа және 110 гектар басқа да бақша дақылдарын орналастырған. Ауылдағы 60 отбасы осыған жерді мақсатты игеріп отыр. Кәсіпкерлердің демеушілігімен ауылда 60 орындық балабақша құрылысын бастауға құжаттар әзірленуде.

– Аудан әкімімен кездесуде келелі мәселелер көтерілді, бізді қуантатыны, бұған дейінгі көтерілген мәселелердің барлығының шешімін тапқаны, сондықтан бүгінгі жиында да көтерілген мәселелердің алдағы уақытта оң шешімін табатынына еш күмән жоқ. Осылай елдің ортасында жүріп, көптің мәселесін шешуге кіріскен азаматтар барда ауылымыздың алға басытынына сенім мол. Бүгін де аудан басшысы жағымыз бағытымыздың бұл қолдауына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Өзім 3 гектар алқапқа былтыр қарбыз еккенмін. Енді үлкен жолдың бойында біздің өнімді тұтынатындар қатары артады, – дейді ауыл тұрғыны Ғалымжан Құрақбаев.

ЖАЛПАСЫ 2.3-BETTE.

Елдің мәселесі ескерусіз



Аламесекте емхана құрылысы басталады

Жаңадария жұртымен жүздесуден кейінгі сапарымыз Аламесек ауылдық округінде қалғасты. 1900-ден астам халқы бар елді мекенде бұған дейін апатты жағдайдағы ауылдық емхана мәселесі, ішкі көшелер сапасының сын көтермейтіні айтылған.

— Наурыз айының аяғында ауылдық емхана ғимаратына қатысты мәселе көтергенсіздер, қазір елдің талап-тілегіне арқау болған мәселеге қатысты біздің жобамыз дайын тұр. Тіпті қаражаты да қаралған. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүруде. Мердігер мекеме анықталған бойда құрылысы басталады. Жыл соңына дейін бұл нысан сіздердің игіліктеріңізге беріледі. Ауылдағы электр жарығына қатысты мәселелеріңізді де ескереміз. Қазіргі таңда бұған қатысты жобамызды дайындап, өткізіп қойдық. Ауыз су жүйесін кеңейтуге қатысты жобаны да дайындадық. Бұдан бөлек Сақтапберген ақсақалға құрметті азамат атағын беруге қатысты ұсыныстарыңызды да ескеріп жатырмыз. Елдің ертеңіне еңбек еткен азаматтар қандай марапатқа да лайық, сондықтан ел қолдап, ұсыныс жасап жатса, біз халықтың талап-тілегін ескерміз, тағы қандай мәселелеріңіз бар, ендігі жерде мен сіздерді тыңдаймын, халық көтерген мәселелер сол жерде қалмайды, қолдан көлгенше, мүмкіндігімізге қарай соның шешіміне жұмыс жасаймыз, — деді аудан әкімі.

Аламесектегі ағайын бұған дейінгі кездесуде көтерілген мәселелердің шешімін тапқанына дән риза. Бұл жолы тіпті мәселе де көтерілмеді, шалғайдағы халық аудан басшысына алғыс білдіріп, алдағы жұмыстарына сәттілік тілеп, ақсақалдар батасын берді.

Шынында халықтың мәселесі ескеріліп жатыр, былтырдың өзінде Есет батырда біршама жоба жүзеге асқан, ауыл мектебі күрделі жөндеуден өткен, кіреберіс көшесі тұқтайдай тегіс, былтыр демеушілер есебінен ауылда жалпы құны 15 млн теңгені құрайтын 2 балалар ойын алаңы салынды. Бірнеше әкімнің тұсында халықтың талап-тілегіне арқау болған жол бойындағы апатты жағдайдағы көпір 139,3 млн теңгеге қайта салынды.

Биыл да Аламесекте біршама жоба жүзеге асқалы тұр. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 1 млн 370 мың теңгеге Кеңесбек Әбішев және Өмірбай шешен көшелеріне жарық орнатылады. Бұған дейін «Туған жерге тағзым» акциясы аясында «Қарабұра-Ата-1» шаруа қожалығы төрағасы Дастан Ержанов кіреберіс көшеге жарық жүргізіп берген, жоба құны 5 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ жалпы құны 431 млн теңгені құрайтын ауылдық емхана құрылысы шілде айында басталады.

Ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев 5 ішкі көшені күрделі жөндеуден өткізу үшін жобаметалық құжаттары әзірленгенін айтады. 545,8 млн теңгені құрайтын бұл жобалар қаржылай қолдау тапса, Есет батырдағы Т.Бейсенбаев, Бөлебай би, Өмірбай шешен, Жаңа жарма және Сарман батыр көшелерінің сапасына мән беріледі. Бұл жобаларды дайындауға өңір қазынасынан 3 млн теңге қаражат қаралған.

Бүгінде ауылдағы электр жарығына қатысты мәселе де назарға алыныпты. Бұған қатысты 357 млн теңгенің жобасы дайын тұр. Қазіргі таңда бұл жоба республикалық бюджеттің нақтылауына ұсынылған. Ауыз су жүйесін кеңейтуге қатысты елдің талап-тілегіне арқау болған мәселе де ескерусіз қалмапты. Биыл ауылдағы ауыз сумен жабдықтау желілерін кеңейтуге қатысты жоба дайын тұр. Оған 4,2 млн теңге қаралған.

Есет батырда жергілікті халық кесіп ашуға ынталы. Қазірдің өзінде ауылда 113 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Соңғы екі жылда 11 ауыл тұрғыны қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізіп, өз жобасын жүзеге асырған. Мұнан бөлек 14 азамат мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кесіп бастапты. Бүгінге дейін Аламесектен 9 адам «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде 2,5 пайыздық үстемекпен несие алып, кесіп бастау үшін құжаттар тапсырған.

Ауылда 33 шаруашылық егін өгумен айналысады. Биыл олардың демеушілігімен елді мекенде біршама жоба жүзеге асқан. Есет батырдағы «Нағи» шаруа қожалығы 2021 жылы Өмірбай шешен көшесін абаттандыруды қолға алды. Қазірдің өзінде ол көше бойын қоршау жұмыстарын жүргізіп, бір балалар ойын алаңын салып берді. Басқа да жобаларын 2025 жылға дейін аяқтауды көздеп отыр. Ал «Қарабұра-Ата-1» шаруа қожалығының кіреберіс көшеге жарық орнатқанын жоғарыда айттық. «Көктебе» шаруа қожалығы ауылдағы кенеснің ескі ғимараты аумағын абаттандыруды қолға алды. «Жаңаарық» шаруа қожалығы кіреберіс көшенің соқ бетін абаттандыруға кіріскен.

Елді мекенде биыл тұрғындардың бақша салуына 50 гектар жер ашу мөжеленген. Бү-

гінде жоспар жүз пайызға орындалып, онда 68 отбасы бақша дақылдарын егіпті. Жалпы, ауылда тындырымды тірлік көп, мұның бәрін біз жергілікті биліктің қолдауымен және халықтың ауызбіршілігімен байланыстырдық.

Иә, жоғарыда айтқанымыздай, ел көтерген мәселелер шешімін тауып жатыр. Бәлкім халықтың айтарлықтай мәселе көтермегені де содан шығар. Бастысы, жұмыс бар, ел риза.

— Сіз әріптестеріңіздің жұмысын сараласаңыз, біз «Жалағаш жаршысын» қарап отырамыз, елді мекенде нендей жобалар қолға алынып жатыр, осы жағын қараймыз. Шүкір, ауданда ауқымды жобалар көп екен, біз де қолдаудан құр қалып жатқанымыз жоқ. Көшегі көтерген мәселелеріміз шешімін тапты. Алдағы уақытта емхана құрылысы басталады, жол, жарық, ауыз су жүйесіне қатысты мәселелеріміз бар еді, жаңа өзіңіз оған байланысты қолға алынған жобаларды айтып, қуанып қойдыңыз. Басқа не мәселе айтамыз, алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Ел үшін жасап жатқан жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз. Аудан аймақтың алды болсын, соған сай жұмыстар да жасалып жатыр, — деді ауыл ақсақалы Мұқан Мұратбай.

Иә, бұл ауылдың ішкі көшелерінің сапасына мән берілмегелі қанша жыл болды, барлығы халықтың көз алдында, бірнеше жылдан бері бірінші рет Аламесектің ішкі көшелеріне қатысты жобалар әзірленіпті. Бірінші рет дейтініміздей бар, өзім сол ауылдың азаматы болғандықтан соңғы бірнеше жылдан бері Есет батырдағы жол мәселесі туралап қалғанын жақсы білемін. Әйтеуір елдің мәселесін ескеретін аудан басшысы келіп, тұралаған шаруалар да ширап келеді.

Еңбекте жол құрылысы жалғасады

Еңбекте бұған дейін барлық жоба жергілікті шаруашылық есебінен жүретін. Соңғы бір жылда ауылдағы ішкі көшелерді жөндеуге, әлеуметтік нысандар құрылысына, басқа да өзекті мәселелердің түйінін тарқатуға құруар қаржы бөліне бастады. Бастысы, ауылдағы ағайын мұндай қолдауға дән риза. Көшегі аудан басшысымен кездесуде де олар Асқарбек Темірбекұлына алғыс айтумен болды.

Былытр Мүсірәлі баба, Сырбай ата, Ғани Мұратбаев көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында 105 млн 625 мың теңге, аудандық бюджеттен 11 млн 658 мың теңге бөлініп, аталған көшелерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жыл аяғында пайдалануға берілген. Биыл «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 1 млн 870 200 теңгеге ауыл сыртындағы күл-қоқыс тастайтын полигонды қоршау жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта елді мекендегі Мардан Байділдаев, Абай, Т.Дәуітбаев көшелерінің автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстары жүреді. Қазіргі уақытта Қ.Адаев көшесі бойынан «Еңбек Жер» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен 30 млн теңгеге заманауи балалар ойын алаңы, балалар футбол алаңы және дене шынықтыру алаңының құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта аудандық электр торабы мекемесінен ауылдың электр желілерін, трансформаторларын қайта жаңғыртуға техникалық келісім-шарт алынды. Алдағы уақытта жобалық іздестеру жұмыстары жүргізіліп, жобалау, сметалық құжат әзірлеуге бюджеттік өтінім ұсынылады.

1500-ден астам халқы бар ауылда 77 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 2 кәсіпкер белгілі себептерге байланысты жұмысын уақытша тоқтатқан. Қазіргі таңда қалғаны жұмыс жасап тұр.

Еңбек ауылдық округі бойынша 2023 жылы 30 гектар бақша дақылдарын өгу мөжеленіп, қазіргі уақытта «Еңбек Жер» ЖШС-ның демеушілігімен 5 гектар жер ашылып, қоршалған. Онда 32 отбасы бақша дақылдарын егіп, күтімге алған. Шаруашылық 1532 гектар жерге күріш, 62 гектар жаңа қуышқа, 1178 гектар ескі жоңышқа егіп, күтімге алған. «Еңбек Жер» ЖШС демеушілігімен үздік сушы, механизаторларға 2022 жылы 4 тұрғын үй салынса, 2023 жылы 2 тұрғын үй құрылысының жұмыстары басталған.

2022 жылы 6 азамат 1 225 200 теңге көлемінде қайтарымсыз қаражат алып, мал шаруашылығы бағытында кәсібін бастаған. Биыл 1 азамат алма ағаштарын өгу жобасы бойынша 1 380 000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант алып, алма ағаштарын егуде. Өткен жылы 4 азамат төменгі пайызбен 21 млн теңге несие алған. Ал «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2,5 пайызбен несие алу үшін 7 жоба аудандық кәсіпкерлік бөліміне ұсынылыпты.

Жергілікті халықтың көкейінде жүрген бір сауал бар екен. Ол қаржысы қаралған үш көшенің құрылысына қатысты. «Соңғы уақытта аудан басшылығы бұл жобаларды

қайтып алыпты деген қаңқу сөз тарады, ішкі көшелер жайы қалай болады?» деген сауалға аудан басшысы жауап беріп, мәселеге нүкте қойды.

— Маған барлық ауыл бірдей, ешқайсысын бір-бірінен бөліп жармаймын, сіздер айтып отырған әңгімені осы естіп тұрмын. Негізінен мүлде олай емес, мен үшін бір жұмыс атқарылса да сапалы болғаны маңызды. Сондықтан мен бұл жобаларды бұрыннан салада тәжірибесі бар азаматтар жүзеге асырса дедім. Ертеңгі күні үш көшеніңді жөндеуден өткізіп, көп ұзамай сапасы сыр беріп жатса, сіздер тағы да ренжисіздер. Тағы да қайталап айтамын, менің түсінігімде ауданда жүзеге асып жатқан жобалардың жемісін алдымен халық көруі керек. Сондықтан сапасы бөрінен маңызды, ешқандай да уайымдаудың қажеті жоқ, жыл соңына дейін әлгі көшелерді жөндеуден өткізуге уәде беремін, — деді Асқарбек Есжанов.

Асқарбек Темірбекұлы бұған дейін халыққа уәде бермеген, «мейлінше жасауға тырысамын» деумен шектелетін. Бірақ расында оның шешіміне жұмыс жасап, елдің алғысын алып жүр. Бұл жолы уәде берді, ал оның орындалатынына елде де, бізде де күмән жоқ.

Аққұмда бірқатар мәселе шешімін табады

Тіршілігін Жер-Анамен байланыстырып, қолда барға қанағат етіп, жоққа сабыр қыла білетін тұажат ауылдардың өз еншісі өзінде болғанымен өңірден қолдау күтетіні анық. Ал ауданның бюджеті бүйірін толтыра қоймаса да, аудан басшылығының іскерлігі мен табандылығының арқасында биылдан бастап елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы артып, дамуы бір жолға қойылмақ. Елді мекендерді аралап, халықпен кездескен аудан әкімі Асқарбек Есжанов та бірнеше жылға арналған аудандағы қарасты ауылдарды дамыту жобасы аясында күрделі жұмыстар атқарылып, қордаланған мәселелер шешімін табатынын айтты. Аудан басшысының нақтылық пен жүйеге құрылған жоспарынан тағы бір мәрте хабардар болған тұрғындардың көңілі тоқ. Өйткені аудан әкімі осыдан бірнеше ай бұрын ауыл-ауылды аралап, алдағы жұмыстар сараланғанда айтылған жобалар бүгінде қолға алына бастады.

Таңмен таласа редакция ұжымы да жұмысына кірісті сол күні. Үш елді мекенді артқа тастап, Аққұмға табан тіредік. Қашаннан халық алдында «тік тұрып қызмет етеміз» дейтін аудан басшысы бұл жолы да әрбір жиында тік тұрып өткізді. Елдің айтарына ықыласын аударып тыңдады, ешқандай талап-тілекті жерде қалдырмады. Алдымен ауылда атқарылатын жұмыстардан хабардар етті. Бұған дейін ауылдағы ағайынның айтары да жарық мәселесі еді. Бұл ретте осы жылы 2 ауылдың ішкі көшесінде орналасқан түнгі жарықшамдар заманауи түрлі-түсті кескіндегі шамдармен ауыстырылды. Ал қазіргі таңда елді мекендегі санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылып, күл-қоқыс полигонын қоршау жұмыстары жүргізілуде.

— Биыл Жалағаш ауданы бойынша бюджет есебінен 4,2 млрд теңге бөлініп, 30 жобаны жүзеге асыру жоспарланған болатын. Бұл жобалардың ішінде жолдар мен көшелерді жөндеу бойынша 2,2 млрд теңгені құрайтын 8 жоба іске асырылуда. Оның ішінде сіздердің ауылдарыңыздағы бір көшеге күрделі жөндеу жұмыстары бар, — деді аудан әкімі Асқарбек Есжанов.

Биыл көше жөнделсе, келер жылы басқа жұмыстарға басымдық берілмек. Әйтеуір аудандағы қарасты елді мекендердің барлығы жарқын жобалардан шет қалмайды.

Аудан әкімі аққұмдықтармен кездесу барысында ауданда атқарылған іс ауқымды, кезекте тұрған мәселе де жоқ емес екенін тілге тиек етті. Зерттеу-зәрделеу барысында ауданда ең өзекті мәселелер қатарында бірқатар ауылдарда ауыз су жүйесін кеңейту, жол құрылысы, көпірлерді жөндеу, Жалағаш кентіне жақын ауылдарды газдандыру, жарықтандыру мәселесі тұр.

Аққұмдағы ағайынның айтарлықтай арыз-шағымы жоқ. Дегенмен ауылдық жер болған соң аяқ су, электр жарығы секілді мәселелердің болатыны жасырын емес. Бірақ бұған дейінгі кездесулерде айтылған мәселелер бүгінде шешімін тапқан. Былытр ауыл көлемінде ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жоба құны 184 млн теңгені құраған. Биылғы жылдың еңшісінде ауылдағы 10 ішкі көшенің орташа жөндеу жұмыстарына 472 млн теңгеге жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, 55 млн теңгеге мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Төрт жүзге жуық түтіні бар ауылда кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы шараларды жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыру, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, көптікті

қолжетімділік аумағын кеңейту, мемлекеттік және коммерциялық қызмет көрсету орталықтарын құру және дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты жұмыспен қамту сияқты түзілген бағдарламалар бар және олар өз кезегінен жүзеге асуда. Кәсіппен айналысамын деген елді мекен тұрғындарына мемлекеттік қолдау тиісті орындардың өкілдері тарапынан толыққанды түсіндіріліп, қолдау шаралары да жүргізіліп келеді. Мәселен, былтырдың өзінде Аққұм ауылында «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Бастау бизнес» жобасы бойынша 7 ауыл тұрғыны курс оқып, 5 ауыл тұрғыны жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін қайтарымсыз грант алып, кәсіп ашқан. Қазіргі таңда Аққұмда 116 кәсіпкерлік субъектісі бар. Жұмыс жасап тұрғаны — 109, тоқтап тұрғаны — 7. Ал ауылда биыл тұрғындардың бақша дақылдарын өгу жұмыстарына тоқталсақ, жоспар 30 гектар жерге бақша дақылдарын өгу екен, қазіргі күні 12 гектар жер қамтылған. Ашылған жерге отызға жуық ауыл тұрғыны бақша дақылдарын өгумен айналысуда. Ал орналастырылған күріштің көлемі 2112 гектарды құрайды. Өткен жылы «Бірлік» шаруа қожалығының демеушілігімен М.Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңға жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Жоба құны 1,5 млн теңге, «Бақдәулет» шаруа қожалығының демеушілігімен Жастар көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, халықтың игілігіне жарап тұр. Биыл ауыл азаматтарының құрған қоры арқылы А.Бисенов атындағы №38 орта мектеп аласына құны 1,2 млн теңгені құрайтын жылжып іске қосылған.

Жалпы, 2021 жылы 5 ауыл тұрғыны 555 600 теңгеден қайтарымсыз грантқа ие болса, 2022 жылы 9 ауыл тұрғыны 1 225 200 теңгеден қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізген. Сонымен бірге өткен жылы 3 ауыл тұрғыны «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ арқылы жалпы құны 13 млн 800 мың теңге көлемінде жергіліктілернен несие алып, кәсібін дөңгелентіп отыр, ауылдық округтен «Ауыл аманаты» жобасына 12 адам құжат дайындау үстінде. Осыдан-ақ ауылдағы ағайынның кәсіпкерлік саласын дамытуға үлес қосып қана қоймай, өз кәсіптерін ашу арқылы тұрмысын түзеп отырғанын да байқауға болады. Аудан әкімінің аққұмдықтармен кездесуінде осындай біршама атқарылған жұмыстар тұрасында сөз болып, алдағы жоспарлар да кеңінен түсіндірілді. Ауыл халқы Аққұмды жарқын жобалар күтіп тұрғанынан хабардар болып, қуанышын жасырмады.

Қарап отырсақ, Аққұмда атқарылып жатқан ауқымды істер көп-ақ. Әсіресе ауыл аңарының күннен-күнге артып, әлеуметтік әлеуетінің жақсарып келе жатқаны көніл қуантады. Енді аудан әкімінің бастамасымен қолға алынып жатқан жұмыстар кезек-кезеңімен жүзеге асса, онда ауылдағы мәселелердің барлығы біртіндеп оң шешімін табады. Өзгелерге үлгі болатын Аққұмның тұрғындары бүгінде өз ырысын еңбекпен тасытып отыр.

Қаракеткенде электр желілері жаңартылуда

Аудан әкімінің ауылдарға сапары тұсауа Қаракеткен ауылында жалғасты. Алдымен жергілікті тұрғындармен амандық-саулық сұрасып, онан соң аудан көлемінде атқарылып жатқан жобаларға тоқталды аудан басшысы. Онан кейінгі әңгіме алдағы жоспарлардың ауқымы жөнінде өрбіді. Ауыл тұрғындары тарапынан аяқ су, базардағы баға трақтылығы, көгілдір отын және жайылымдық жерлер тұрасында мәселелер қозғалды. Халықтың әр сөзін бір шындыққа балаған аудан басшысы уәде беруден бұрын өз қызметкерлерінен нақты істі талап етуде. Осы себепті елді мекендерде нақты істер атқарылып жатыр.

Иә, ауданның даму көрсеткіші бұл елді мекендердің даму деңгейіне тікелей байланысты. Яғни ауданның экономикалық жағдайын жоғарылату үшін, ауылдардың даму динамикасын көтеру керек. Өйткені ауылдық жерде мәселенің болмауы мүмкін емес. Қазір кез келген ауылға барсаңыз, мәселенің түйінін тарқтаа кетеді сондағы тұрғындар. Ауыз су, аяқ су, жарық, жол, тіпті интернеттің нашарлығы да ауылдағы ағайынды қажытуы өбден мүмкін. Біз бұл сезімсізбен ауданға қарасты ауылдардың тіршілігі туралап қалды демейміз, шүкір, жүйелі жұмыстар да ауыз толтырып айтарлықтай. Алайда заманның талабына сай қажеттіліктер де күн санап өсуде. Осыны ескеру керек екенін айтатын болсақ, ауылдарды дамытуға әлі де көңіл бөле беру керек. Біз айтып отырған «қажеттіліктер» тұрасында аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы да жақсы біледі. Көшегі сапарында сөзінің басын осы заманның талабына сай қажеттіліктер де ұлғайтынын бастаған еді.

— Мен түсінемін, ауылдық жер болған соң мәселе болады. Кейбірі бүгін туындауы мүмкін, ал кейбірі қордаланып қалған болуы да ғажап емес. Ауылдарыңызда жұмыс жоқ емес, бар. Жыл сайын кезек-кезеңімен жобалар жасалуда. Дегенмен заманның талабы сол, бір деңгейді өткерсек, келесі қажеттілік күтіп тұрады. Қажеттіліктерді өтеген сайын туындай береді. Бұл да өмірдің заңы. Сондықтан біз ауданның даму жоспарын жасағанда әр елді мекеннің даму деңгейін ескердік. Қай ауылда не жоқ деген сияқты. Маңыздысынан бастауды жөн көрдік. Қазір сіздерден сұрасам, айтар уәждеріңіздің де не тұрасында болатынын жақсы біліп тұрмын. Бірақ біз ешқандай ауылды назардан тыс қалдырғанымыз жоқ. Биыл ана ауыл қалғандары күте тұрсын демейміз. Барлық ауылды бірдей, бір деңгейде дамытуды көздеп отырмыз. Сондықтан Қаракеткен ауылы да жоспардан тыс қалмайды, — деді Асқарбек Есжанов.

Расымен тоқсан сайын үрдіске айналған әкімдердің халық алдында есеп беру кездесуі елді мекен ауалын жақсартуға үлкен септігін тигізіп отыр. Әрбір кездесуде ауыл тұрғындарына аудан әкімі Асқарбек Есжанов, барлық бөлім басшылары, сондай-ақ жаңадан сайланған аудандық мәслихат депутаттары тік тұрып, есеп берді. Расын айту керек, Қаракеткенде біраз мәселенің осы күнге дейін де шешімі табылған. Қос елді мекенді қамтитын ауылдық округте ауыз су жүйесі жаңартылып, бүгінде ел игілігіне берілген. 5 орныдық аурухана, ауылдық клуб халыққа қызмет етуде. Мыңнан аса халқы бар Қаракеткен ауылдық округте Сыр салысын себетін егіс алқабы болмағанымен, ауылдағы ағайын кесіп ашуға өбден машықтанған. Әсіресе мал шаруашылығын дамытуға ден қойған ауыл халқы кесіптің бұл түрінен тұрмысын түзеп отыр. Мәселен, мал шаруашылығымен айналысатын 5 жеке кәсіпкер, ауыл халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған «Фариза», «Жанжаз» жеке сауда орындары жұмыс жасап тұр. Ал ауылдағы электрмен қамту желілерінің құрылысына 85,6 млн теңге бөлініп, бүгінде бұл жұмыстар қолға алынған. Ал жол сапасына тоқталсақ, Қаракеткен ауылында 14 ішкі көше болса, оның 12-сі асфальтталған. Мұнымен қоса биылғы жылдың еңшісіндегі бірнеше жұмыс қазірдің өзінде жолға қойылған. Атап айтар болсақ, Қаракеткен ауылдық округіндегі дөрігерлік емханаға осы жылы жедел-жәрдем көлігі беріліп, бүгінде жергілікті халық игілігін көріп отыр. Жаңа көлік, білікті дәрігер мен дер кезінде көрсетілетін медициналық қызметтің сапасы болса, ауылдағы ағайынның бұдан артық айтар уәжі де жоқ. Тіпті ауылда құны 85,5 млн теңгеге елді мекеннің электр желілері құрылысын жаңарту жұмыстары басталып, қазіргі уақытта электр бағаналары орнатылуда. Сондай-ақ 2023 жылға Қаракеткен, Далабай елді мекендерінің 12 көшесін күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірлеуге аудандық бюджеттен 3,6 млн теңге қаралды.

Бұл ауылда аяқ су мәселесі енді туындамайды. Өйткені елді мекендерді аяқ сумен қамту бойынша облыстық бюджеттен 2 жобаға 82,6 млн теңге бөлінсе, Қаракеткен елді мекеніне 2 техникалық су ұңғымаларын бұрғылау жоспарланып отыр. Бұл ретте техникалық су ұңғымасын бұрғылау жұмыстарына бюджеттен 33,1 млн теңге бөлінді.

Биыл да ауылда құрылыс жұмыстары қарқын алмақ, ол үшін жоспарланған бірнеше жоба да бар. Мәселен, көркейту, абаттандыру барысында Далабай елді мекеніндегі балалар ойын алаңы 4,9 млн теңгеге ағымдағы жөндеуден өтеді. Ал бұған дейінгі кездесуде жедел жәрдем көлігін сұраған ауыл халқы араға бірнеше ай салып тұрғындармен кездескен аудан басшысына алғыс білдірді. Алғыс айтатындай бар, аудан әкімі ауыл емханасын жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз етті. Сөзден іске көшкен өңір басшысына қаракеткендіктер риза болды. Сонымен қатар алдағы уақытта елді мекенге 150 орындық ауылдық клуб құрылысын салуға ЖСҚ әзірленетін болады.

Өріне кез келген мәселенің шешімін табу қаражатқа келіп тірелетінін білеміз. Ауданға қаншама қаражат тартылып жатқанынан да хабардармыз. Биылдың өзінде әрбір ауылды жаңа жобалар, байыпты бастамалар күтіп тұр. Ал аудан әкімі тарапынан осына қолдау көрсетілуі біз үшін де үлкен қуаныш дейміз. Қаржының тапшылығына, бюджеттің жұқалығына қарап отырмай, қаржы тарту жұмыстарында сауатты әрекетке көшкен аудан әкімінің іскерлігіне ауыл тұрғындарының ризашылығы бар. Әкіммен жүздесіп, барлық жаңалықты, жақсы бастамаларды өз құлағымен естіген ауыл халқы тек сәттілік тілеумен болды.

ҚАЛМАЙДЫ



Ауыл халқы көгілдір отын тұтынады

Иә, алдағы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жарқын жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жасалмақ. Әсіресе табиғи газға қосылатын ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Қажеттілігіне, мәселенің өзектілігіне қарай барлық ауылдық округтерде көшелер жөнделіп, жарықтандыры, абаттандыру жұмыстары кезек-кезеңімен атқарылады. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауылдарға сапарында осындай жақсы жаңалықпен белісті. Ең бастысы, ауданға басшы болып келгені өңірдегі ауылдық округтердің тыныс-тіршілігін жандандырды жөн көрген аудан әкімі әр тоқсан сайын өтетін есепті кездесуінде елді мекен тұрғындарының ұсыныс-пікіріне, мұң-мұқтажына құлақ түреді.

Түс ауа басталған сапар барысындағы екінші аялдамамыз М.Шәменов ауылы болды. Мұнда да ауыл халқымен кездесу өтіп, тұрғындардың көкейінде жүрген әрбір мәселе күн тәртібіне қойылды. Әдеттегідей аяқ су мәселесін жарыса айтқан азаматтарға алдағы уақытта бұл тұрғыдан ешқандай қиындық болмайтынын айтқан аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы шәменовтіңтерді де жақсы жаңалықпен сүйіншілеп, ауылдың дамуы жолында жасалатын жұмыстармен таныстырды. Быыл жүзеге асатын 30 жобаның ішінде аталған ауылға да бірнеше жоба бағытталмақ. Мәселен, осы жылы М.Шәменов ауылының тұрғындары қатты отын тұтынуды қояды. Яғни ауыл түгелімен көгілдір отынмен қамтамасыз етілмек. Бұл ауылдың да кіреберіс жолы жөндеуден өтсе, ауылдық клубтың да сапасы сын көтереді халге жетеді.

Иә, Асқарбек Есжанов аталған ауыл аудан бойынша Сыр салысын өндіруде зор үлес қосып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ мал шаруашылығы да кең қанат жайып, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер қатары артқан. Аудан басшысы бастаған барлық бөлім, мекеме басшылары әдеттегідей ауыл халқының алдында тікесінен тік тұрып, тұрғындардың мұң-мұқтажын, ұсыныс-пікірін тыңдады.

Айта кету керек, ауылда жол жайы жыл санап жақсарып келеді. Мәселен, өткен жылы М.Шәменов ауылында 8 көше күрделі жөндеуден өтсе, быыл ауылдың кіреберісінде орналасқан Бұқарбай батыр көшесін жөндеуге 66,5 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда ауылды газдандыруға ЖСҚ әзірленген.

Бұған дейінгі жұмыстарға тоқталсақ, аудандағы М.Шәменов ауылына кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолын жарықтандыру жұмыстарына өткен жылы облыстық бюджеттен 17,198 млн теңге бөлінген болатын. Мердігер мекеме «Пулс» ЖШС-мен жұмыстар толық аяқталып, нысан пайдалануға берілді. Сонымен бірге елді мекенде ауыз су толықтай үйді-үйге жүргізілгенін қоса кетейік.

Ауыл дамыса, ауданның даму динамикасы жоғарылайтынын айтып келеді аудан басшысы өр сөзінде. Сол себепті аудан дамуына негізделген жобалардың дені ауылдарға бағытталып отыр. Бүгінгі кездесуде де шәменовтіңтерді қуантатын жағымды жаңалықтар легін тарқатқан аудан басшысы барлық қордаланған мәселелердің шешімін табуға бағытталатын жұмыстарды бюджеттің өліне қарай жасаймыз деді.

Басшылық байыпты бастамаларды қолға алса, ауылдарға ағайыннан сұралатыны – елдің бірлігі мен берекесі. Бір сөзбен айтқанда, ауылдың бүгінгі дейінсіз тірлігі тек бірлігімен келетіні анық. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов қай ауылға барса да алдымен тұрғындардың бірлігін көргісі келетінін жеткізді.

Сонымен бірге аталған ауылда өткен жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша 2 жоба жүзеге асырылды. Ауылда 9 көшеге 109 млн 760 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталды. Мердігер компания – «Бауыржан құрылыс» ЖШС. Аталған жоба аясында жасалған жұмыстың тағы бірі – ауылдық мәдениет үйінің күрделі жөндеуден өтуі. Бұл жұмыстарға 136 млн 960 мың теңге қаржы қаралып, бұл күнде мердігер компания «СМП-Қызылорда» ЖШС жұмысты толық аяқтады. Өткен жылдың өңіріндегі жұмыстардың қатарында «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» бойынша Жамбыл көшесіне 1 млн 360 мың теңгеге көше жарығы шамдары орнатылса, быыл тағы да «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Бұқарбай батыр көшесінде күрделі жөндеу жұмыстары үшін жобасметалық құжаттары әзірленіп, жеңілмеіз компания анықталған. Жоба құны – 64 млн 115 мың 600 теңге, облыстық бюджеттен 54 млн 188 мың теңге, аудандық бюджеттен 5 млн 441 мың теңге беріліп, «Қызылорда жолдары» ЖШС шілде айында жұмысын бастамақ. Сонымен бірге М.Шәменов ауылында Жамбыл Ердүзелова көшелерін күрделі жөндеу жұмыстарына ЖСҚ дайындалып, өткен жылы сараптамадан өткен. Облыстық жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған. Ә.Төшімбетов көшесінің де құрылысына 169,9 млн теңгені құрайтын жоба дайындалып, осы жылы сарап-



тамадан өткен. Бұл да алдағы уақыттың өңіріндегі жұмыстардың бірі. Жалпы, ауылдық округте 65 кәсіпкер тіркелген, бүгінгі күні оның 63-і тұрақты жұмыс жасап тұр. Ауыл халқы бақша егу жұмыстарына да ден қойып отыр.

Қарап отырсақ, барлық елді мекенде аяқ су мен жол мәселесі бар. Осыған дейін таласты өңгіме тудырып келген аяқ су мәселесі шешілетінін естіп, көптің көңілі бір дөмделді. Аудан әкімі айтқандай, аяқ су тартатын скважиналар тартылса, бау-бақша егуде еш кедергі болмас еді. Ауыл тұрғындарына ең алдымен керекі де осы. Өйткені елді мекен тұрғындары көбіне егін егумен күнкөрісін түзейтіні бәрімізге мәлім. Енді қолдау тапқан жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асса, ауданымыз біраз ілгерілеп қалатыны анық. Аудан дамыса, тұрғындардың да әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етуі мүмкін. Келер жылдың өңіріне қалдырылған әлі талай жұмыстың шеті шығып тұр.

Жыын соңында ауыл ақсақалы сөз алып, аудан азаматтарына ақ батасын берді. Ауыл ақсақалдары айтқандай, барлығы бірлікпен, ұйымшылдықпен бітетін жұмыс. Қай жерде де ауылмен бірге болу, бір мақсатта жұмыс істеудің маңызы зор.

Бұқарбай батырда жол сапасы жақсармақ

Қуантарлығы, бүгінде ауданға қарасты елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, сондағы жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға басымдық беріп отыр аудан әкімі. Тіпті 2025 жылға дейін ауылдық жерлерді дамытуға бағытталған жобалар дайындалып, бүгінде ол жұмыстардың көбі қолға алынды. Әр тоқсан сайын ауылдағы ағайынмен өтетін кездесуінде жүйелі жұмыстардың шетін тарқататын аудан басшысы Асқарбек Есжанов бұл жолы да жаңа бастамалар барын айтып, елдің қуанышын еселеді. Екі күнге жалғасқан өңір басшысының ауылдарға сапарында қанша жұмыстың атқарылып жатқанын біліп, бір қуансақ, алда қыруар шаруа күтіп тұрғанына көз жетіп, тағы бір көңілді демдедік.

Сапарымыз мұнан әрі аудан іргесіндегі Бұқарбай батыр ауылында жалғасып, бұл жолы Бұқарбайлық ағайынның талап-тілегіне құлақ түрді аудан басшысы. Еңбекпен еңсе тіктеген елді мекеннің бүгінгі тірлігі тындырымды, шаруасы ширақ. Халқы да бірлікті ту етсе, ауыл әкімі елді мекеннің гүлденуіне жүйелі жұмыстар атқаруда. Кездесуден түйгеніміз, елді мекенде жүйелі жұмыс бар, бірақ алдағы уақытқа жоспар да жоқ емес. Ал «Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, Асқарбек Есжановтың аудан тізгінін қолына алғалы ауданның, әсіресе ауылдық елді мекендердің дамуына ден қойғанын айта кету керек. Әлеуметтік-экономикалық даму, аудан халқының әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру секілді мәселелер күн тәртібінен түспеді.

– Аудан басшылығы сіздердің ұсыныстарыңыздың негізінде бюджетке байланысты мәселелердің барлығын кезек-кезеңімен жүзеге асыруды мақсат етіп отыр. Қандай мәселе болса да ол үшін барлық мүмкіндіктерді қарастырамыз. Алайда ауылдағы ағайынның арасында өзара ынтымағы, ауызбіршілігі болмаса, бөрі де бекер. Егер сіздер ауылдың арасында бірлікті сақтап, ауыл әкімін қолдап, алдағы күннен жақсылық күтетін болсаңыздар, біз әлеуметтік-экономикалық жағдайды көтеру үшін жұмыс жасайтын боламыз. Сіздерге дейінсіз ауылда кездесу өткізіп келеміз. Ол елді мекен тұрғындарына да сұрайтынымыз осы, ең бастысы, елдің бірлігін сақтап отыру. Бірлік болса, тірлік болатынын естен шығармау керек, – деді өңір әкімі Асқарбек Темірбекұлы.

Айта кетейік, Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша өткен жылы «Байтабын» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен балалар ойын алаңы салынды. Жоба құны 10 млн теңгені құрады. Быыл демеушілік арқылы атқарылған жұмыстардың да біршамасын жаза кетуді жөн көрдік. Мәселен, «Мелиоратор» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен 10 млн теңгеге Бұқарбай батыр атындағы мешітке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта аталған мешіттің үлкен және кіші күмбездері мен сыртқы есігі жанадан ауыстырылған. Қазан айына дейін ішкі және сыртқы қасбеттеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар осы сервісстіктің демеушілігімен 25 млн теңгеге «Демалыс паркі» құрылысы жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың қазан айында толық аяқталып, ел игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілуде. «Жаңару» ФК-ның жеке қаражаты есебінен 2 млн теңгеге маусым айында Ким Яков көшесіне тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, тиісті жұмыстар толық аяқталған. Ал «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында А.Құнанбаев, Бұқарбай батыр, А.Төлеубаев көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны – 181 млн 592 мың 600 теңге. Мердігер мекеме – «Көлік құрылыс компаниясы» ЖШС. Бұдан бөлек ауылшілікті 11 көшеге, яғни Т.Үркімбаев, Н.Оспанқұлов, Ким Яков,



П.Әлпейсов, Қойшығұл Ж.Сақтағанова, С.Айтұаров, Ә.Досымбетов, Ә.Бердаулетов, С.Байқадамов, Қ.Сейтов көшелеріне асфальт төсеу жұмыстарына бюджеттік өтінім ұсынылған. Аталған жұмыстардың жоба-сметалық құжаттары жасалып, мемлекеттік сараптамадан өткен. Тағы бір сүйіншілейтін жұмыс – А.Құнанбаев, Бұқарбай батыр, А.Ізтелеуова, А.Төлеубаев, Н.Оспанқұлов, Ким Яков, П.Әлпейсов, Қойшығұл Ж.Сақтағанова, Н.Алмағанбетов, Ж.Ермағанбетов, Ж.Жабаев, Ә.Досымбетов, Ә.Бердаулетов, С.Байқадамов, Қ.Сейтов сынды 16 көшеге түнгі жарық шамдарын орнатуға жалпы құны 172 млн 856 мың 206 теңге бюджеттік өтінім ұсынылған.

Бұқарбай батыр ауылындағы негізгі жобалардың бірі 3 көшеге, яғни А.Құнанбаев, А.Төлеубаев, Бұқарбай батыр көшелеріне быыл жалпы құны 184,1 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізіледі. Ауданға қарасты ауылдардың негізгі айналысатын кәсібі ауыл шаруашылығы екені белгілі, оның ішінде егін шаруашылығының үлесі басым.

Ауданның бірнеше жылдық даму жоспарында әрбір елді мекенде халықтың көкейінде жүрген мәселелерді шешу көзделгенін байқаймыз. Мәселен, бір ғана Бұқарбай батыр ауылында тұрғындар тарапынан көтерілген барлық мәселенің шешімі әлгі жобада толық қамтылыпты. Ал аудан әкімі Асқарбек Есжановтың ауылдағы ағайынға айтарымынау. Әр ауылдың әкімі ауыл аясынан шығармайтын ауылдағы ақсақалдардың кеңесімен елдің бірлігімен шешуге болатын мәселелерді назарға алуы керек. Аудан әкімі ауданға қаржы тартуда, сол қаржының барлығын үйлестіріп, көңілді көркіетуге, елді мекендерді дамытуға бағыттамақ. Жарық, ауыз су, аяқ су, жол жайы да аудан әкімінің назарынан тыс қалған емес. Тіпті қанша жыл жөндеу көрмеген жолдар да бар кей ауылдарда. Осындай қордаланған мәселелерді шешуге жұмыс жасаймын дейді аудан әкімі. Ал ең ішіндегі ауызбіршілікпен шешетін мәселелерді аудан әкімінің назарына ұсынбай-ақ жолға қоюға болады.

Негізі таққан сайынғы кездесулер халық үшін тиімді болып тұр. Себебі аудан әкімімен бірге сала басшылары және кент, ауыл әкімдері халықпен тікелей байланысып, жеке мәселелердің назарға алынуына септігін тигізуде. Басшылық құрам көшеп түртіп алған елді мекендегі межелі істердің бүгінгі нәтижесін кездесулер барысында баяндап отыратынын айтты Асқарбек Темірбекұлы.

Тірлікпен түлеген Таң

Сапар барысында үлкен жолдан түсіп Таңға жақындай бастағаннан, ауылдың кіреберісінде басталған тындырымды тірлік көрген көзге қуаныш сыйлайды. Еріксіз сүйсінесің, ауылдың ажарына тандай қасайсың.

Иә, барды бар деп айту керек қой, Таң ауылында тындырымды тірлік көп екеніне шек жеткіздік. Ал Асқарбек Есжановтың ауылдық елді мекендерге жұмыс сапарының алғашқы күні Таң ауылында қорытындыланған болатын. Ауыл тұрғындарымен жүздескен өңір басшысы 3 жылдық ауданның даму жоспарын кеңінен тарқатып, оның ішінде ауылдық елді мекендер мәселесін шешу де қамтылғанын жасырмады. Ал ауыл тұрғындары тек береке мен бірлік тіледі.

Расында солай-ақ, Таңда айтарлықтай мәселенің жоғын кіреберістен бірден аңғардық. Айналамызға шолу жасаған еңгіретсіз өкеуімз мұнтаздай таза көшелер мен жасыл-желектің, түрлі-түсті заманауи үлгімен салынған қоғамдық маңызы бар нысандардың ауыл ажарын арттырып тұрғанына және ауыл әкімінің іскерлігін көпке ұлгі қыларлықтай екен дедік.

Негізі «Ауыл – Ел бесігі» жобасы жұмысын бастағалы да ауылдық елді мекендер көркілей-көгалданып, әлеуеті артып, бірнеше нысандар бой көтерді, жол сапасына мән беріліп, ауыз су жүйелері жаңартылды. Мұның игілігін бүгінде аудан халқы, оның ішінде Таң ауылының тұрғындары да көріп отыр.

Аталған жоба аясында Таң ауылдық округінде быыл 10-нан аса жоба жүзеге асуда. Соның бірі – Орынбай жырау көшесінің жөндеу жұмыстары. Ұзындығы бір шақырымнан асатын жол заманауи талаптарға сай жөндеуден өткен. Ал №118 орта мектеп күрделі жөндеуден өткен болатын. Бұл жобаға жалпы құны 333 млн теңге қаражат қаралған. Бас мердігер «GOLDEN CITY DS» ЖШС быыл жаңа оқу жылына дейін нысанның құрылыс жұмыстарын аяқтап, пайдалануға берді. Білім ошағының есік, терезелері, едені ауыстырылып, ішкі қабырғалары түсіріліп саяланды. Ал сыртқы қабырғаларын металл сайдингтерімен қаптап, су, көріз жүйелері жүргізілген. Мұнан бөлек электр жүйелері жаңартылып, өрт-дабыл қондырғылары ауыстырылды.

Бұған дейін Таңда 14 көше жөндеуден өткен. Мыңнан аса тұрғыны бар елді мекенде осыған дейін 260 млн теңгемен ауыз су мәселесі толық шешімін тапты. Ал ауылдағы «Таң LTD» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев ауылды бастандыру, көркілей-көгалдандыру,



елді мекен халқының әлеуетін арттыру мақсатында біршама жобаны жүзеге асырды. Бұған дейін іскер азамат 701 млн теңгеге ауылда 7 жобаны жүзеге асырып, өңірдің өркендеуіне өз үлесін қосты. Олардың қатарында спорт көшенінің құрылыс жұмыстары, балабақша ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу, көшелерді жарықтандыру секілді жарқын жобалар бар. Быылғы жылдың өңірінде қаржысы 999 999 теңгені құрайтын құлақсы тастайтын орын, 685 000 теңгені құрайтын су айдайтын насос, 9 000 000 теңгені құрайтын Жаңақоныс елді мекеніндегі ойын алаңын қайта қалпына келтіру жобалары тұр. Мұның ішінде құл-қоқыс тастайтын полигонды қоршау жұмысы аяқталған.

Алдағы уақыттың өңіріндегі жобалардың қатарында мал тоғытатын ваннаның жоба-сметалық құжаты дайындалған. Жоба құны – 2 184 000 теңге. Кәсіпкерлік саласына келер болсақ, ауылда 144 кәсіпкер тіркелген, оның жұмыс жасап тұрғаны – 140. Ал 18 шаруашылық бүгінде шаруасын ширатып отыр. «Таң LTD» ЖШС-ның демеушілігімен елді мекен ішіндегі Қ.Құлманов, Мүсірәлі баба, Манақ батыр көшелеріне соңғы үлгідегі көше жарық шамдарын орнатқан Мүсірәлі баба көшесіндегі гүлзарға қатарантас солыо гүлдері егіліп, күтімге алынған. Елді мекен ішінен жабық спорт көшенінің құрылыс жұмыстары да басталып, Таңдағы ағайынның қуанышын өсейей түсті. Бүгінде Таң ауылдық округінде санитарлық-тазалық жұмыстары жүргізіліп, құл-қоқыс тастайтын контейнерлер жасалынып, тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын полигон қоршалды. Аяқ су айдайтын насос сатып алынды. Таң ауыл ішіндегі 3 көшеге жасанды жол кедергісі белгілері орнатылды.

Тағы бір айта кететін жүйелі жұмыстардың бірі – ауылдық емхананың іргетасы қалануы. Бұл жобаға қазынадан 140 млн теңге қаражат қаралған. 30 тәсіктік дөңгелек амбулатория ішінде 18 кабинет бар. Оның екеуі стационар бөлмесі болса, 1 психолог кабинеті, 1 терапия кабинеті, 2 дөңгелек дөңгілі кабинет, 1 егу бөлмесі бар. Қазіргі таңда медициналық нысан ел игілігіне жаралп тұр.

Тізе берсек, тәуелсіздік жылдарында түлеген ауылда жетістік көп. Таттылықту өткен ауыл халқы қашанда ымырамен іс қылудың жемісін көріп отыр.

– Ауылдық жер болған соң мәселенің болмауы мүмкін емес қой. Бірақ қазіргі ауылдың ажары, дамуы, тұрғындардың тұрмыс сапасы айтарлықтай нашар емес. Быылға жоспарланған жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асты, әлі де ауылда атқарылатын жұмыстардың жүйесін естіліп отырмыз. Әйтеуір тіршілік тоқтап қалмай, ретімен мәселелер шешімін тауып жатса, біз ризамыз, – деген ауыл ақсақалдары да табылды.

Бұл ауылдың халқы шынында не айтсын, көшелері айнадай, балабақшасы тағы бар, мектебі күрделі жөндеуден өткен. Жалпы, ауылды абаттандыру және халықтың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар легін тарқатамын десек, жазар дүние көп. Бір ғана «Таң LTD» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаевтың туған жерді түлету мақсатында жүзеге асырған жарқын жобалары қаншама. Бастысы, ауылда береке бар. Оның да ауызбіршіліктің арқасында келгені жақсы білеміз.

Жалпы, Таң ауылының даму динамикасына келсек, тарқатып жазар дүние көп. Әсіресе бұл ауылда түрлі жарқын жобалардың жүзеге асуы жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасына да оң әсерін тигізуде. Ауыл – тынымсыз тірлік жасалып жатқан елді мекендердің бірі. Әсіресе ауылды көркіету, дамыту қолында жыл сайын жүйелі жұмыстар атқарылуда. Қазіргі өзінде қолға алынған жұмыстардың қатарында 10 ауылдық округтің уәскелік полиция инспекторлары тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысы бар. Ауыл сақталымына берілетін бұл тұрғын үйлер әкімдіктің баласында болып, уәскелік полиция инспекторы қызмет ауыстырған жағдайда келесі келетін төртпін уәскелісінің пайдасына жарайтын болады. Мұны қос қолдап қолдаған ауыл тұрғындары қатынап жұмыс жасағаннан ауылдағы ағайынмен етене араласып, бірлесіп жасалған жұмыстың нәтижесі жоғары болатынын жеткізді.

Қашаннан берекелі тірлік бірлікпен бітетінін айтқан Асқарбек Темірбекұлы ауыл ағайындыры үшін де алдағы жылдары игі істер қолға алынатынын айтып, тұрғындардың көңілін бір демдеді. Осылайша іргелес жатқан бірнеше елді мекеннің тыныс-тіршілігін бағамдап, тұрғындардың талап-тілегіне құлақ түріп, мәселенің шешімінен хабардар өткен, ауыл ақсақалдарының ақ батасын алған өңір басшысы бүгінгі жұмыс сапарын аяқтады.

Аудан басшысының есепті кездесуі келесі күні 7 ауыл мен кентте жалғасты. Ондағы халық нәдей мәселелер көтерді, оның шешімі қалай? Бұл жайында басылымның алдағы санынан біле аласыздар.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ
Нұржамил АЛМАСҚЫЗЫ

Сақтансаң, сақтайды

Қауіптің алдын алған тиімді

Қалада балалардың жарақат алуы мен қайғылы жағдайға әкеліп соғатын негізгі себептердің бірі – терезеден құлау оқиғасы. Көп жағдайда 2 жасан 7 жасқа дейінгі балалар терезеден құлау қауіп-қатеріне жиі ұшырайды, бұл жастағы балалар терезе алдында ойнаудың қаншалықты қауіпті екенін түсінетін жаста емес.



Көп жағдайда балалардың құлауы олардың ата-анасының қарауынсыз қалуы себебінен орын алады. Қасіреттің алдын алу үшін құтқарушылар кішкентай балаларды жалғыз қалдырмауға кеңес береді. Сонымен бірге барлық жиназдарды бала терезе алдына шыға алмайтынды етіп, терезе жанынан алшақ қою керек.

Терезедегі москиттік торларға сенбеу керек. Олар құлаудан сақтауға арналмаған. Керісінше москиттік тор қайғылы жағдайдың орын алуына әкеліп соғады, балалар москиттік торларды қауіпсіз деп ойлайды және терезеге сүйенгендей, сол торларға сүйенеді. Ең сапалы тордың өзі баланың салмағы мен қысымды көтере алмайды.

Егер баланың белмеде болса, терезені және қылтима есігін ашпаңыз. Жоғары желдеткіштерді немесе тік желдету режимін пайдаланыңыз. Бала терезені өз еркімен аша алмау үшін терезеге арнайы бекіткіштер орнату қажет.

Егер сіз балаңызға терезеден бір нерсе көрсететін болсаңыз, оны мықтап ұстаңыз, баланың шұғыл қимылдарына дайын болыңыз, алақанды құрғақ ұстаңыз, баланы киімнен ұстамаңыз. Балаларға қауіпсіздік сабақтарын үйретіңіз. Балалардың үлкендерін өзінен кішілеріне қарауға үйретіңіз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Ұрлық түбі — қорлық

Берімізге мәлім Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мал ұрлаушыларға жазаны күшейтуді тапсырған болатын. Өйткені мал – ауыл халқының негізгі күнкөріс, нәпақа, берекекөзі. Ол – азық қана емес, бүгінгі күні нағыз табыс келесі. Нарықтағы еттің бағасы қымбаттаған сайын мал басының өз құны да бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда өскен. Осы орайда оңай жолмен олжалы болғысы келетіндердің де қатары артып келеді. Яғни өзгенің өрісіндегі түлікке барымташылардың көз тігуі өршіп тұр.



2019 жылы Қылмыстық кодекске 188-1-бабы бойынша «мал ұрлығы» деген жаңа бап еңгізілген болатын. Онда жазаның ауырлығы 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Жалағаш ауданында 9 (2021 жылы 12) қылмыстық іс тіркеліп, 7 (2021 жылы 3) сотқа жолданған. Яғни 2021 жылмен салыстырғанда 25 пайызға төмендеген. Дегенмен қылмыстың бұл түрі әлі де болса тыйылмауда. Осы тұрғыда сотқа жолданған 1 қылмыстық іс бойынша тоқталып көтесік...

2022 жылдың қыркүйек айында Е.Р. Қ.М. және Е.Ж. есімді азаматтар адамдар тобы болып, алдын ала сөз байласу арқылы мал қораға заңсыз кіріп, бетенің малын бірнеше рет жасырын жымқырып, мешішке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны анықталған. Осы қылмыскерлердің жасаған әрекетінен жәбірленушілер Т.Ш. 100 000 теңге, М.А. есімді азаматтарға 80 000 теңге шығын келтірген.

Тергеу органымен жүргізілген жедел-іздістіру шараларының нәтижесінде қылмыскерлердің қылмысты қалай жасағаны, ұрланған малдардың қайда сатылғаны әшкереленіп, тергеу нәтижесімен іс сотқа жолданған. Аталған қылмыстық іс аудандық сотта қаралып, сотталушылардың әрқайсысына 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Не десек те, Абай атамыз «Қазақтың міні – мал ұрлығы» деп өз заманында деп басып айтса да, өкінішке орай қылмыстың бұл түрі азаяр емес. Қорыта айтқанда, ең біріншіден, ауыл тұрғындары малдарын сырғалап, таңбалап, құжаттарын ретке келтіру қажет. Екіншіден, малдарды жайылымға қараусыз жібермей, падашы жалдау тиіс. Үшіншіден, мал сатып алушы адамдар мал сатушы адамнан малдың құжатын талап етуі қажет. Осындай күрмеуі көп күрделі мәселеге бірлесе кіріскен абзал.

Жалағаш аудандық прокуратурасы

Жарамсыз деп танылсын

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы Қ

Маман мерейі

Отбасылық еңбек династиясы әрқашан дәстүрдің сабақтастығын сақтаудың бейнесі, таңдаған мамандыққа және өмір жолына құрметпен қараудың үлгісі болып табылады. Кез келген мамандықта отбасылық еңбек династиясы ерекше орында тұрады. Өйткені ол сол мамандықтың мәртебесін, қоғам алдындағы имиджін айқын көрсетеді. Өңірімізде де әсіресе ішкі істер органдарында еңбек ететін үлгілі полиция династиясы аз емес.



Полицей династиясы

Полиция күні жалағаштық Саламатовтар үшін отбасылық мерекеге айналған. Өйткені саналы ғұмырын ішкі істер саласына арнаған Саламатовтар әулеті – бүгінде мәуелі бәйтерек. Ұрпақтары ата жолын қуып, қазіргі таңда ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Бақберген Саламатов 1965 жылдан бастап Жалағаш аудандық ішкі істер бөліміне қатардағы милиционер болып қабылданып, әр жылдары түрлі жауапты қызметтер атқарған. Саладағы ұзақ жылдық еңбегі үшін Милицияның үздік төсбелгісімен, «Ұлы Жеңістің 20 жылдығы» медалімен, КСРО ІІМ-нің І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, сонымен бірге «Кеңес милициясына – 50 жыл» және басқа да алғыс хаттармен марапатталған.

Әке өнегесін көрген отставкадағы «Полиция майоры» Бекжан Саламатов 1992-2012 жылдар аралығында Ішкі істер органдары қатарында абыройлы қызмет атқарып, «майор» шенімен зейнеткерлікке шыққан. Қызмет барысында еңбегі елөніп, түрлі марапаттарға ие болған. Мәселен, «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» І, ІІ, ІІІ дәрежелі медальдарымен, «Кеңестік милицияның 100 жылдығы» медалімен, Қызылорда ОВД-нің грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталған.

Ол – қызметтен бөлек отбасында да қамқор әке. Бүгінде жұбайы

Фарида Омарова екеуі 1 ұл, 3 қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

– Отбасының берекесі – ол барлық жұмыстың алтын қазығы. Шыны керек, отбасымда қолдау болған соң маған жауапты қызметті қатар алып жүру қиынға соқпады. Көп жыл ішкі істер органдарында жұмыс істеп, халықтың тыныштығы үшін күндіз-түні талмай еңбек еттік. Қазір ұлымның да осы салада адал еңбек етіп келе жатқанына шүкіршілік етемін. Жалпы, полиция болу – форманы киіп алып, қызметте есіркеп, бос жүру емес, ең бастысы, елге адал қызмет ету. Қандай шең, лауазымда жүрсең де өзіңе жүктелген міндетті қиналмастан, асқан жауапкершілікпен мінсіз атқару ең маңыздысы. Полиция – жұртқа, елге жақсы қасиеттерімен есте қалуы керек. Тәртіп пен тәзім салтанат құрған жерде құқық қорғаушылардың да абыройы арта түседі. Бүгінде қылмыстың түр-түрін естіп жатырмыз. Иә, бұл бүгінгі қоғамның басты мәселесі болып отыр. Сондықтан қазіргі жастардың істеп жатқан жұмысы үлкен білімділікті, терең теория мен практиканы ұштастырып жұмыс жасауды талап етеді. Полиция қызметкеріне білім де, білік те, білек те керек. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицияға қажетті басты қасиеттердің қатарында. Ұстамды болу мен азаматтармен тіл табыса білу, сыпайы болу да аса

маңызды. Сондықтан үйде ұл-қызыма, кейінгі жас әріптестеріме әрдайым кеңесіммен бөлісіп отырамын, – дейді Бекжан Бақбергенұлы.

Иә, зейнеткер Бекжан Саламатовтың ұлы, полиция аға лейтенанты Абай Бақберген қазіргі таңда аудандық полиция бөлімінде Анықтау тобының анықтаушысы лауазымында абыройлы қызмет атқаруда.

Жас та болса, жауапты қызметте еңбек етіп жүрген Абайды әріптестері мақтан тұтады, еңбекқорлығын, сауаттылығын, жауапкершілігін ерекше бағалайды. Полиция аға лейтенанты Абай Бекжанұлы қызметіне адалдықпен қарап, жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін бірнеше рет Қызылорда облысының Полиция департаментінің Грамотасы, Алғыс хаттарымен, «Тергеу қызметіне – 60 жыл» медалімен марапатталған. Өрине, ол зор жауапкершілікпен жүктелетін осы қызметті таңдағанына, әке жолын қуғанын әрдайым мақтанышпен айтып жүреді.

– Бала кезімдегі арманым – полиция қызметкері болу еді. Себебі адамдарға қамқор болып, көмектескім келеді. Полицияның киімін кигенді де ұнататынымын, үйде әкемнің формасына қызыға қарайтынымын. Атам да осы салада абыройлы қызмет атқарған. Тек армандап қоймай, алдыма мақсат қойдым. Міне, шүкір мектепті, жоғары оқу орнын жақсы үлгіріммен тәмамдап, бүгінде құқық

қорғау саласында қызмет атқарудамын. Өрине, жұмысымды мақтан етемін. Жалпы, біздің қызмет қауіпті, өйткені сотталушылармен, тәртіп бұзған бұзақылармен жұмыс жасайтын болғандықтан, әр күн сайын өмірімізге қауіп төнетіні жасырын емес. Сондықтан жұмыста жауапты болуымыз керек. Бұл орайда әкемді үлгі тұтамын. Бала кезімнен қатаң тәртіпке, жауапкершілікке үйретіп тастаған. Күнделікті қызметімде әкемнің тәлімін басшылыққа аламын, – дейді Абай Бекжанұлы.

Сонымен қатар осы әулеттің ұрпағы полиция аға лейтенанты Абылайхан Саламат та ішкі істер саласында жауапты қызметтер атқарып келеді. 2017 жылдың ақпан айында ІІО-на қабылданып, 2019 жылдың қазан айынан бастап Жалағаш АПБ-нің Жергілікті полиция қызметінің, патрульдік-полиция тобының қызмет инспекторы лауазымында қызмет атқарды. Бүгінде ол Қызылорда қалалық полиция ЖПҚБ-ның Ювенальдық полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы қызметінде абыроймен еңбек етуде.

Үш буынға жылғасқан үлгілі полицейлер династиясының ұстанымы – темірдей тәртіп және өз елінің патриоты болу. Сонда ғана қиындығы мен қатері мол саладағы тынымсыз еңбек жемісін бермек.

Жандос ЖАЗКЕН

Әке жолын жалғаған

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Өйткені адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасады. Бүгінде қоғамдық тәртіпті нығайту, қылмысты ашу, яғни қауіпсіздікті сақтауда — полиция қызметкерлерінің еңбегі ерен. Тәртіпті қатаң қадағалайтын полиция қызметкерлерінің тірлігі үнемі қауырт, қашанда қарбаласқа толы. Түнгі ауысымға шығу, әрдайым байланыста болу, жұмыс кестесінің ауырлығы, өміріңді қатерге тігу сақшы өмірінің ажырамас бір бөлігі. Асқан қырағылық пен табандылықты талап ететін бұл қызметтің жауапкершілік жүгін арқалау да оңай емес.

Бүгінде аудандық ішкі істер бөлімінде полиция династиясын құрап отырған отбасылар бар. Солардың бірі мамандықтарына адал қоғам тыныштығы жолында күн-түн демей еңбек етіп, қашан да темірдей тәртіпті берік ұстанған Тұрмахановтар отбасын айрықша айтуға болады.

Маңызды қызметтің жүгін абыроймен арқалап жүрген тәжірибелі полиция лейтенанты Руслан Әбді-хахим Ерболұлының жас болса да жүріп өткен жолы-көпке үлгі. Ол-әке жолын қуып полицейлер династиясын жалғастырып келе жатқан азамат ретінде өз отбасында да ерекше құрметке ие.

Руслан Ерболұлы 1999 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданында дүниеге келген. Әкесі – Тұрмаханов Ербол Әбді-хақимұлы да ұзақ жылдар бойы құқық саласында қызмет еткен. Қазіргі таңда зейнет демалысында. Саналы ғұмырын ішкі істер органдарының қызметіне арнаған Ербол Тұрмаханов 1991 жылы Қызылорда политехникалық техникумының Транспорт-жол факультетін, 2004 жылы Тараз қаласындағы заң институтын бітірген.

Ол ішкі істер органдарындағы қызметте 20 жылдан астам түрлі құрамда қызмет атқарып зор үлесін қосқаны үшін еңбегі елөніп, түрлі марапатқа ие болған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігінің алғыс хаты мен «Қазақстан полициясына-25 жыл» мерекелік медалімен, ІІО-дағы 10, 15 жыл «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен және облыстық ішкі істер департаментінің алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған. Қызметінің қиындығына қарамастан Ербол Әбді-хақимұлы адал жар, сыйлы әке атанып, ұлы мен қызын тәрбиелеуде.

«Әкеге қарап үл өсер» демекші, полиция офицерінің отбасында туған Руслан Ерболұлы мектепті бітірген соң, көп ойланбастан Тараз қаласындағы «Тараз инновациялық – гуманитарлық» университетіне заң факультетіне оқуға түсіп, 2020 жылы білімін тәмамдаған. Әке жолын жалғаған Руслан Ерболұлы өзінің қызметтік жолын 2020 жылы Қызылорда станциясындағы ЖПБ-ның патрульдік полиция взводының полицейі болып бастаған.

Қазіргі таңда Жалағаш ауданында Полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторының көмекшісі қызметін абыроймен атқаруда.

– Полиция саласында қызмет етуді бала күнімнен қалайтынмын. Әкемнің формасын киіп, ел тыныштығын күзететін саланың бұемелді маманы болуды армандадым. Міне, сол бала күнгі арманымға қол жеткізу үшін алдыма нақты мақсаттар қойып, қазіргі таңда



қалаған мамандығым бойынша еңбек етіп жатырмын. Жұмыстың оңайы жоқ. Өзім жақсы көріп, өзім қалаған мамандық болғандықтан ыстығына күйіп, суығына тоңып аянбай еңбек етудемін. Себебі бұл сала табандылықты талап етеді, – дейді Руслан.

Жас болсын, егде болсын, қабілеті бар маман әрдайым өз ісінің нәтижесімен көзге түсетіні белгілі. Руслан Ерболұлы әу бастан өзінің осы салаға ептілігі барын аңғартып, учаскелік полиция инспекторының қызметін тез меңгеріп, басшылардың ықыласына бөленген білікті маман.

Асқар тау әкенің әрбір сөзін жүрегінен өткізген ол бүгінгі таңда әкесінің атына кір келтірмеуге тырысып, өз ісіне, әрекетіне, қызметіне,

халық алдындағы борышына үлкен жауапкершілікпен қарап келеді.

Жас маманның алға қойған мақсаты айқын, болашаққа басқан қадамы нық, сенімі мол. Ол ел тыныштығын қорғап, халыққа қамқоршы болу үшін ерінбей еңбек етуді басты міндетім деп санайды.

Отбасында жары Ақсауле Талғатқызы екеуі бір үл тәрбиелеп отырған бақытты ата-ана. Төзімді тірегі, тыныштықты тілегі еткен, халқына қызмет етуді мансап емес, парызым деп санап, халықтың қауіпсіздігін сақтайтын құқық қорғаушылар қашанда үлкен құрметке лайық.

Ақтоты БҰРҚИБАЙ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Түлектерге аттестат табысталды

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдегі мектеп бітіру кешіне қатысып, жас түлектерді құттықтады. 2022-2023 оқу жылын сәтті қорытындылаған түлектерге аудан әкімі аттестат табыстап, ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл жинаған үздік оқушыларға «Алтын белгі» тақты.



– Ел Президенті «Адамзатты терең ойға, кемел білім жетелейді» деп атап өткендей, ХХІ ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Білімді, білікті мамандары көп ел ғана мықты мемлекет бола алады. Міне, осы бағытта мектеп-лицейде атқарылып жатқан игі істерге сәттілік тілеймін. Мектеп оқушылары білім, спорт, өнер сайыстарына белсене қатысып, мектеп абыройын биікке көтеруде. Бұл білім ордасы алдағы уақытта өзінің биіктігін әлі де мойындатады деп сенемін, – деді аудан әкімі.

Жас талапкерлерге сәттілік тілеген Асқарбек Есжанов ауданымызда да болашақтың тірегі жастардың толыққанды білім алуына жан-жақты жағдай жасалып, білім беру сапасы жылдан-жылға артып келе жатқанын айтты. Ауданның білім беру жүйесін қаржыландыру биыл 14 млрд 932 млн теңгені құрап, осыдан бес жыл бұрын аталған салаға бөлінген қаржы көлемінен 6 млрд теңгеге ұлғайғанын жеткізді. Оқушылардың игілігі үшін Жалағаш кентінен оқушылар үйі мен өнер мектебінің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

Айта кетейік, 2022-2023 оқу жылында Жалағаш ауданы бойынша 356 оқушы алтын ұя мектебімен қоштасуда. Оның ішінде 333 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Аудан бойынша 17 оқушы «Алтын белгіге» аяқтап, 42 оқушы «Үздік аттестат» иеленуде. Оның ішінде Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің 2 бітірушісі «Алтын белгі», 3 бітірушісі «Үздік аттестат» иеленді.

«ЖОЖ» ақпарат

Жәрмеңкенің берері көп

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жастарға лайықты жұмыс табу. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру аясында жас түлектерді жұмысқа орналастыру және жастарды жұмыспен қамту бойынша республика көлемінде «Tulga bol» жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жәрмеңкесі өтті.



Шараға аудандық білім бөлімі, жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, аудандық аурухана, Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі, аудандық кітапхана және балалар кітапханасы, «Samgali» Қызылорда облысының жастар қоғамдық бірлестігі және «Азаматтарға арналған үкімет» МККЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы халыққа қызмет көрсету бойынша Жалағаш аудандық бөлімінің мамандары қатысып, жастардың көкейінде жүрген сауалдарын тыңдап, мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер жайлы кеңінен баяндады.

– Біздің жалпы мақсатымыз жұмыспен жастардың санын азайту. Бұл жоба жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге, кәсіпкерлік сияқты мемлекеттік бағдарламаларға қатысты тегін кеңес алуға көмектеседі. Жастарды қолдауға бағытталған бірегей мемлекеттік бағдарламалардың бірі «Жастар тәжірибесі». Бұл жоба 1 жылға дейін мамандық бойынша жұмыс тәжірибесімен етуге және ай сайынғы кепілдендірілген төлемді алуға мүмкіндік береді. Тағы бір атап өтетіні, аталған жоба оқуын аяқтап, 3 жыл ішінде жұмысқа орналаса алмаған жастарға арналған. Олардың жасы 35-тен аспауы қажет деді, – аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық.

«Tulga bol» жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жәрмеңкеге 100-ге жуық аудан тұрғындары келіп, әр сала мамандарынан жұмысқа орналасу, жастар кәсіпкерлігі, білім, денсаулық салалары, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар және тағы басқа да бағыттар бойынша кеңес алды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Таралымы 3097 Тапсырыс № 998

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ